



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

2021 ж. « 13 » сәуір ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 210440015510

№ 5746-1900-РББ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл жөніндегі
Президенттік саясатты насихаттау орталығы»
Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің
Конференциясының хаттамасымен бекітілді

(Хаттама № 01 «25» 03 2021ж.)

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс- қимыл жөніндегі
Президенттік саясатты насихаттау орталығы»
Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің**

ЖАРҒЫСЫ

МАЗМҰНЫ:

| | | |
|------------------|---|------------|
| 1 БӨЛІМ. | ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР | 3 |
| 2 БӨЛІМ. | ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ | 4 |
| 3 БӨЛІМ. | БІРЛЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ | 4-5 |
| 4 БӨЛІМ. | БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ | 5 |
| 5 БӨЛІМ. | БІРЛЕСТІККЕ МҮШЕЛІК | 6 |
| 6 БӨЛІМ. | БІРЛЕСТІКТІ БАСҚАРУ | 7-9 |
| 7 БӨЛІМ. | БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ | 10 |
| 8 БӨЛІМ. | БІРЛЕСТІКТІҢ АҚША ҚАРАЖАТЫН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ | 10 |
| 9 БӨЛІМ. | ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ | 11 |
| 10 БӨЛІМ. | ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ | 11 |
| 11 БӨЛІМ. | ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК | 12 |
| 12 БӨЛІМ. | БІРЛЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ | 12 |
| 13 БӨЛІМ. | ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР | 13 |

1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұдан әрі «Бірлестік» деп аталатын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Президенттік саясатты насихаттау орталығы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі жеке тұлғалардың бастамасы бойынша құрылды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңына және оның қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне және осы Жарғыға, ал халықаралық қатынастар саласында халықаралық құқық нормаларына сәйкес еріктілік, мүшелерінің тең құқықтылығы, өзін-өзі басқару, қызметінің заңдылығы, есептілігі және жариялылығы негізінде әрекет етеді.

1.2. Бірлестік мүшелікке негізделген және құқық, экономика, менеджмент, мемлекеттік басқару саласындағы мамандарды біріктіретін тәуелсіз коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.3. Бірлестіктің толық атауы:

- ✓ мемлекеттік тілде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Президенттік саясатты насихаттау орталығы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі;
- ✓ орыс тілінде: Республиканское Общественное Объединение «Центр содействия политике Президента по противодействию коррупции»;
- ✓ ағылшын тілінде: Republican Public Association «Center for Assistance to the President's Anti-Corruption Policy».

Бірлестіктің қысқартылған атауы:

- ✓ мемлекеттік тілде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Президенттік саясатты насихаттау орталығы» РҚБ;
- ✓ орыс тілінде: РОО «Центр содействия политике Президента по противодействию коррупции»;
- ✓ ағылшын тілінде: RPA «Center for Assistance to the President's Anti-Corruption Policy».

1.4. Бірлестіктің орналасқан орны (заңды мекенжайы):

Қазақстан Республикасы, индекс 010000, Нұр-Сұлтан, ауданы Есіл, көше Керей, Жанибек хандары үй 14/2, блок Е, пәтер 215.

1.5. Бірлестік өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады.

1.6. Бірлестік пен оның мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынас адалдық, заңдылық, мүшелердің теңдігін мойындау, мүшелерінің заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау, Бірлестік мүшелерінің міндеттерін орындауы, өз еркін білдіруі қағидаттары негізінде құрылады.

2 БӨЛІМ. ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Бірлестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады, және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап осы мәртебеге ие болады.

2.2. Бірлестік дараланған мүлікке ие, өз теңгерімі бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар, және міндеттер алуға және жүзеге асыруға, азаматтық-құқықтық

мәмілелер жасауға, сотта талапкер және жауапкер болуға, Қазақстан Республикасының және өзге де мемлекеттердің банктерінде есепшоттарға және басқа да шоттарға, белгіленген үлгідегі мөрге, мөртаңбаларға, бланктерге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің символикасына (логотип) ие болуға құқылы.

2.3. Бірлестік өзінің ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызметінің нысаны мен әдістерін айқындауда еркін.

2.4. Бірлестік белгіленбеген мерзімге құрылды.

2.5. Бірлестік кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алады, өйткені бұл жарғылық мақсаттарына қол жеткізуге қызмет етеді. Кәсіпкерлік қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс салық салынуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған көлемдерде басқа да міндетті төлемдер төлеуге жатады. Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс Бірлестік мүшелерінің арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарына қол жеткізуге немесе қайырымдылық қызметке жұмсалуды тиіс.

2.6. Бірлестік Қазақстан Республикасының аумағындағы, заңды тұлғалар болып табылмайтын және оның атынан әрекет ететін филиалдарды (өкілдіктерді) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және бірлестіктің тапсырмасы бойынша олар туралы ережелер негізінде өз орналасқан жерінен тыс құруға міндетті.

2.7. Бірлестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен жауап береді. Мемлекет пен оның органдары және ұйымдары Бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және Бірлестік те мемлекет міндеттемелеріне жауап бермейді.

2.8. Бірлестік өз қызметін бұқаралық ақпарат құралдарымен, мемлекеттік билік органдарымен, ғылыми-зерттеу, жобалау, өндірістік бірлестіктермен, шығармашылық ұжымдармен, халықаралық ұйымдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, қорлармен, компаниялардың өкілдіктерімен қоян-қолтық ынтымақтастықта жүзеге асырады.

2.9. Бірлестік белгіленген тәртіпте халықаралық қоғамдық үкіметтік емес ұйымдар қатарына кіруі, тікелей халықаралық қатынастар мен байланыстар қалыптастыруы мүмкін.

3 БӨЛІМ. БІРЛЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Бірлестіктің негізгі мақсаты Президенттің Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатына жәрдемдесу болып табылады.

3.2. Бірлестік қызметінің мәні:

3.2.1. қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру;

3.2.2. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына жағдай туғызатын шарттар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою;

3.2.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара әрекетін нығайту;

3.2.4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

3.2.5. сыбайлас жемқорлық құқық бұзышылықтарын анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

3.2.6. Бірлестік мүшелерінің құқықтарын қорғау болып табылады.

3.3. Бірлестіктің міндеттері:

3.3.1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

3.3.2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу;

3.3.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру;

3.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу;

3.3.5. заңгерлік сараптама жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық нормаларын айқындау;

3.3.6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қалыптастыру және оларды сақтау;

3.3.7. кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолдану;

3.3.8. сыбайлас жемқорлық құқық бұзышылықтарын анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге жәрдемдесу;

3.3.9. сыбайлас жемқорлық құқық бұзышылықтары туралы дереу хабарлау;

4 БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Бірлестік Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген, өз құзіреттері шегінде әрекет ететін өзінің басшы органдары арқылы өз құқықтарына ие болады және міндеттемелер қабылдайды.

4.2. Мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау үшін Бірлестік Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген келесі қызмет түрлерімен айналысуға құқылы, бірақ мұнымен шектелмейді:

4.2.1. түрлі бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) арқылы және Интернет-ресурстар көмегімен өз қызметі туралы ақпарат тарату.

4.2.2. конференциялар, семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

4.2.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ағарту, профилактикалық және ғылыми-практикалық бағдарламалар жасақтау;

4.2.4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жасақталуына қатысу;

4.2.6. сыбайлас жемқорлық құрауышы салдарынан болжанбаған және кесірлі жағдайларға тап болған азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

4.2.7. соттарда және өзге де мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау;

4.2.8. жарғылық мақсаттарды және өз қызметінің міндеттерін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз атынан мәмілелер жасауға, сондай-ақ басқа да азаматтық құқықтарын жүзеге асыру;

4.2.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше көзделмесе, коммерциялық және/немесе коммерциялық емес, оның ішінде халықаралық үкіметтік

емес бірлестіктерге кіру, бұл ұйымдардан, шетелдік заңды және жеке тұлғалардан мүлік, оның ішінде ақша, қаржылық көмек алу;

4.2.10. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше көзделмесе басқа заңды тұлғалар құру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге қызметтерді жүзеге асыру.

4.3. Бірлестік міндетті:

4.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғымен көзделген нормаларды сақтауға;

4.3.2. өз мүшелеріне олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

4.3.3. өз мүшелерін ақша қаражатының түсуі мен жұмсалуды туралы хабардар етуге;

4.3.4. тіркеуші органды тұрақты жұмыс істейтін басшы органның орналасқан жеріндегі өзгерістер және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін көлемде басшылардың мәліметтері туралы хабардар ету;

4.3.5. өз филиалдары мен өкілдіктерін ашу;

5 БӨЛІМ. БІРЛЕСТІККЕ МҮШЕЛІК

5.1. Партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, Бірлестіктің мақсаттары мен міндеттерін бөлісетін және оның қызметіне қатысатын кез келген жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер Бірлестіктің мүшесі бола алады.

5.2. Бірлестік мүшелігіне қабылдау тізімін Бірлестіктің Сараптамалық Кеңесі айқындайтын, қажетті құжаттар жалғанған жазбаша арыз негізінде жүргізіледі. Мүшелерді қабылдау туралы шешімді Бірлестіктің Сараптамалық Кеңесі қабылдайды.

5.3. Бірлестік мүшелері тең құқықтар мен міндеттерге ие.

5.4. Бірлестік мүшесі құқылы:

5.4.1. Бірлестіктің басшы органын сайлауға және оған сайлануға;

5.4.2. Бірлестіктің қызметіне қатысты барлық мәселелерді талқылауға және шешуге қатысуға;

5.4.3. Бірлестіктің жүргізетін іс-шараларына қатысуға;

5.4.4. Бірлестіктің қызметі туралы ақпарат алуға;

5.4.5. бастамашылық тәртіпте Бірлестіктің жарғылық міндеттерін шешуге бағытталған ұсыныстарды қарауға енгізуге;

5.4.6. белгіленген тәртіпте Бірлестіктің меншігіндегі немесе жалға алынған мүлкін, ғимараттарын, көлік, байланыс құралдарын, деректер базасын пайдалануға;

5.4.7. Бірлестіктің моралдық, материалдық және әлеуметтік қолдауын қолдануға;

5.4.8. Бірлестікті материалдық жағынан немесе жеке қызметімен қолдауға;

5.4.9. Бірлестіктің мүшелік құрамынан өз еркімен шығуға.

5.5. Бірлестік мүшесі міндетті:

5.5.1. Бірлестіктің Жарғысын орындауға және Бірлестіктің қызметіне белсенді қатысуға;

5.5.2. Бірлестіктің өзі сайланған органының жұмысына белсенді қатысуға;

5.5.3. Бірлестіктің басшы органдарының шешімдерін орындауға;

5.5.4. Бірлестік шеңберіндегі өз әрекеттерін Бірлестіктің басшы органымен келісуге;

5.5.5. Бірлестіктің өз мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруына, оның беделін нығайтуға жәрдем көрсетуге.

5.6. Бірлестікке мүшелікті тоқтату келесі жағдайларда жүргізіледі:

5.6.1. Жарғы ережелерін бұзу;

5.6.2. шығатын мүшенің жазбаша өтініші бойынша;

5.6.3. өзге де негіздер бойынша, оның ішінде өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны үшін, Бірлестіктің жарғылық қызметімен сәйкеспейтін қызметі үшін, әрекетсіздігі және Бірлестікпен іскерлік байланысты жоғалтқаны үшін Сараптамалық Кеңестің шешімімен шығаруға байланысты.

5.7. Мүшелікті тоқтату туралы шешімді Сараптамалық Кеңес қабылдайды.

Сараптамалық Кеңестің құқыққа қайшы шешіміне Конференцияда шағым жасалуы мүмкін.

6 БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІ БАСҚАРУ

6.1. Бірлестікті басқару органдарының құрамына кіреді:

1. Конференция – жоғары басқару органы;

2. Сараптамалық Кеңес – Төраға басшылық ететін алқалы атқарушы басқару органы;

3. Тексеру комиссиясы - бақылаушы орган.

6.2. Конференция.

Бірлестіктің жоғары басқару органы Конференция – бірлестік мүшелерінің екі жылда бір шақырылатын жалпы жиналысы (бұдан әрі - Конференция) болып табылады.

Кезектен тыс Конференция Бірлестік мүшелерінің үштен бірінің талап етуі бойынша, құрылымдық бөлімшелердің 1/3 немесе Тексеру комиссиясының талап етуі бойынша Сараптамалық Кеңестің шешімімен шақыртылуы мүмкін.

6.3. Конференция, егер оның жұмысына барлық мүшелерінің 2/3 және құрылымдық бөлімшелердің 1/2, немесе олардың нотариуспен куәландырылған сенімхат негізінде әрекет ететін өкілдері қатысса шешім қабылдауға күзіретті.

Жарғыны бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім, Сараптамалық Кеңесті, Тексеру комиссиясын сайлау, егер кворум болса, Конференцияға қатысушылардың 2/3 дауысымен қабылданады. Қалған мәселелер бойынша шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

6.4. Конференцияның ерекше күзіретіне келесі мәселелер жатады:

6.4.1. Бірлестіктің Жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

6.4.2. Бірлестіктің Сараптамалық Кеңесінің Төрағасын, мүшелерін және Тексеру комиссиясының мүшелерін 4 (төрт) жылға сайлау, қайта сайлау, оларды мерзімінен бұрын атқаратын лауазымынан босату;

6.4.3. басқару органдарының уәкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін, ұйымдастыру құрылымын айқындау;

6.4.4. басқару органдарының Бірлестіктің қызметі туралы есептерін бекіту;

6.4.5. Бірлестік қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

6.4.6. Сараптамалық Кеңес, оның бөлек мүшелері Конференцияға шығаратын және Бірлестіктің қызметі үшін шешуші маңызы бар мәселелерді шешу;

6.4.7. заңнамалық актілермен белгіленген шектерде Бірлестіктің басқа заңды тұлғалардың, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерінің құрылуына және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

6.4.8. Бірлестікті ерікті түрде қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату жөніндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

6.4.9. атқарушы органдардың қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылаушы органның тексеру жүргізу тәртібін белгілеу және олардың нәтижелерін бекіту;

6.4.10. Бірлестіктің ағымдағы қызметіне қатысты мәселелер бойынша.

6.5. САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕС.

Сараптамалық Кеңес Бірлестіктің Конференциялар аралығындағы басқарушы органы болып табылады. Сараптамалық Кеңес Конференция шешімдерін орындайды, және ол үшін Сараптамалық Кеңестің ерекше құзіретіне жататын мәселелерді шешу құқығы жоқ.

6.6. Сараптамалық Кеңес Конференция сайлайтын 9 (тоғыз) мүшеден және Төрағадан тұрады. Сараптамалық Кеңестің мүшелері 4 (төрт) жыл мерзімге сайланады.

6.7. Сараптамалық Кеңес оның $\frac{1}{2}$ мүшесінің немесе Тексеру комиссиясының талап етуімен қажеттілігіне қарай тоқсанына бір рет, бірақ жылына бір реттен сиретпей Төрағамен шақырылады. Сараптамалық Кеңес, егер оның отырысына $\frac{1}{2}$ астам мүшесі қатысып отырса, құзіретті болады.

6.8. Сараптамалық Кеңестің әр мүшесінің бір дауысы бар, дауыстар саны тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші маңызға ие болады. Қатысушы мүшелердің жартысынан астамы қолдап дауыс берген жағдайда Сараптамалық Кеңестің шешімі қабылданған болып есептеледі.

6.9. Сараптамалық Кеңес келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құзіретті:

6.9.1. осы Жарғымен белгіленген міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар жоспарын қабылдау және жүзеге асыру;

6.9.2. Бірлестіктің қызмет ережелерін қабылдау, Бірлестікке мүшелік талаптарын айқындайтын ішкі құжаттарды (рәсімдерді) және Бірлестіктің және оның басқару органдарының қызметін реттейтін өзге де ережелерді жасақтау және бекіту.

6.9.3. Бірлестіктің жылдық бюджетін және жылдық қаржылық теңгерімін бекіту;

6.9.4. Бірлестіктің қаржылық жоспарын бекіту және оған өзгерістер енгізу;

6.9.5. табыстар мен шығындар сметаларын, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді қарау және бекіту;

6.9.6. Бірлестіктің мамандандырылған, функционалды, сараптамалық және өзге де органдары туралы ережелерді және олардың құзіретіне Бірлестіктің қызметінің мәніне жататын мәселелерді қарау кіретін дербес құрамын бекіту (комитеттерде, кеңестерде, жұмыс топтарында).

6.9.7. Бірлестік мүшелерінің кіру және мүшелік жарналарының мөлшері мен төлеу тәртібін белгілеу;

6.9.8. Бірлестікке жаңа мүшелер қабылдау және оларды мүшеліктен шығару туралы шешімдер қабылдау;

6.9.10. Конференцияның шешімдерін жүзеге асыру және орындалуын бақылау;

6.9.11. Конференцияның қарауына Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізу;

6.9.12. Бірлестіктің бағдарламаларын, жобаларын және жоспарларын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;

6.9.13. Бірлестік аппаратының штаттық құрылымын бекіту;

- 6.9.14. Бірлестіктің мүлкі мен құралдарына иелік ету;
- 6.9.15. Бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктері жөніндегі ережелерді бекіту туралы шешім қабылдау, Бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын сайлау;
- 6.9.16. Бірлестік қызметінің Конференцияның ерекше құзіретіне жатпайтын өзге де мәселелерін қарайды.
- 6.10. ТӨРАҒА Сараптамалық Кеңеске басшылық жасайды және 4 (төрт) жыл, бірақ 2 мерзімнен аспайтын мерзімге Конференциямен сайланады.
- 6.11. Бірлестіктің Төрағасы үшінші тұлғалармен қатынастарда Бірлестіктің атынан сенімхатсыз және осы Жарғы негізінде әрекет етеді, Бірлестіктің ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады, Бірлестіктің қызметіне тәуелсіз аудиторлық тексеру ұйымдастырады. Бірлестіктің қаржы-шаруашылық және ұйымдастыру қызметін тексеру нәтижелері туралы есепті Төраға Конференцияда ұсынады.
- 6.12. Бірлестік Төрағасы сонымен қатар келесі функцияларды жүзеге асырады:**
- 6.12.1. Бірлестіктің жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 6.12.2. Бірлестіктің Сараптамалық Кеңесіне басшылық жасайды;
- 6.12.3. Өз құзіреттері шегінде Бірлестіктің мүлкі мен құралдарына иелік етеді;
- 6.12.4. Табыстар мен шығындар сметасын Сараптамалық Кеңестің бекітуіне ұсынады;
- 6.12.5. Бірлестікте жұмыс жасайтын еңбек ұжымының жұмысына басшылық жасайды.
- 6.12.6. Билік органдарымен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады;
- 6.12.7. Олармен Бірлестік атынан келісім шарттар (келісімдер) жасауды қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей, Бірлестіктің ағымдағы қызметі бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;
- 6.12.8. Өз құзіреттері шегінде бұйрықтар, өкімдер және нұсқаулар шығарады;
- 6.12.9. Конференцияда және Сараптамалық Кеңесте қабылданған шешімдерді орындауды ұйымдастырады, жоспарларды, бағдарламаларды және жобаларды жүзеге асыруды ұйымдастырады;
- 6.12.10. Конференцияға өз қызметі және Сараптамалық Кеңестің жұмысы туралы есеп береді;
- 6.12.11. Бірлестік қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүргізеді, оларға мадақтау шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, олардың лауазымдық жалақыларының мөлшерін және Бірлестіктің штаттық кестесіне сәйкес қызметкерлердің жалақыларына жеке үстемеақылар мөлшерін белгілейді, және штаттық қызметкерлер арасында лауазымдық міндеттерді бөледі;
- 6.12.12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және өзге де үшінші тұлғалармен қатынастарда Бірлестіктің атынан шығу құқығына сенімхаттар береді;
- 6.12.13. Сараптамалық Кеңестің және Конференцияның алдында штаттық, қаржылық және еңбек тәртібінің сақталуы, мүліктің сақталуы жөнінде есеп береді;
- 6.12.14. Жеке құрам бойынша құжаттардың есепке алынуы мен сақталуын, сондай-ақ Бірлестік таратылған жағдайда олардың белгіленген тәртіпте мемлекеттік сақтауға уақытылы берілуін қамтамасыз етеді;
- 6.12.15. Бірлестік қызметінің Бірлестіктің құралдары шегінде материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;
- 6.12.16. Жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржы және материалдық қорлар тартуды жүзеге асырады;
- 6.12.17. Бірлестік қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6.12.18. Банктерде есеп және өзге шоттар ашу туралы шешімдер қабылдайды;

6.12.19. Бірлестіктің құрылтай құжаттарына, Бірлестіктің Конференциясының шешімдеріне және Бірлестіктің ішкі рәсімдеріне сәйкес өзге құзіреттерді жүзеге асырады.

6.13. Бірлестіктің **ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ** Конференцияда Бірлестік мүшелерінің ішінен 4 (төрт) жыл мерзімге сайланады. Тексеру комиссиясы кеңесу дауысы құқығымен Сараптамалық Кеңестің отырысына қатыса алады.

Сараптамалық Кеңестің Конференцияның қарауына ұсынылған есебі Тексеру комиссиясы тарапынан тексеруге жатады. Бірлестіктің жылдық теңгерімі Тексеру комиссиясымен бекітуге жатады және Конференцияға ұсынылады.

6.14. Тексеру комиссиясы:

6.14.1. Бірлестіктің қаржы және шаруашылық қызметін бақылайды;

6.14.2. Бірлестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне жылына бір реттен сиретпей тексеру жүргізеді;

6.14.3. материалдық құндылықтардың жағдайын және есепке алынуын тексереді;

6.14.4. Бірлестіктің ақша қаражаты мен мүлкінің қолданылуына бақылауды қамтамасыз етеді;

6.14.5. өз қызметін Конференцияда бекітілетін Тексеру комиссиясы туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады; Егер олардың пікірінше Бірлестіктің мүдделеріне қатер төнген болса, Тексеру комиссиясы өзінің шешімімен Бірлестіктің басшы органдарынан кезектен тыс Конференция және Сараптамалық Кеңестің отырысын шақыруды талап ете алады.

7 БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ.

7.1. Бірлестіктің құрылымын Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағындағы құрылымдық бөлімшелер (филиалдар, өкілдіктер) құрайды. Бірлестіктің құрылымдық бөлімшелері осы Жарғы және/немесе филиал/өкілдік туралы ереже негізінде әрекет етеді.

7.2. Құрылымдық бөлімшелер (филиалдар, өкілдіктер) заңды тұлғалар емес, Конференцияның шешімімен құрылып және Сараптамалық Кеңес бекіткен ережелер негізінде әрекет етеді. Филиалдар мен өкілдіктерге Бірлестіктің мүлкі бөлінеді. Филиалдар мен өкілдіктердің мүліктері бөлек теңгерімде және Бірлестіктің теңгерімінде есепке алынады. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларын Сараптамалық Кеңес 4 (төрт) жыл мерзімге сайлайды және олар өздеріне берілген сенімхат негізінде әрекет етеді.

7.3. Құрылымдық бөлімше басшысы:

7.3.1. Конференцияның және Сараптамалық Кеңес тің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

7.3.2. өз құзіреті шегінде өкімдер мен нұсқаулар шығарады;

7.3.3. Конференция бекіткен сметалар шегінде құрылымдық бөлімшенің мүлкіне иелік етеді, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасайды, заңмен белгіленген тәртіппен тіркелген жағдайда банк мекемелерінде шоттар ашады;

7.3.4. құрылымдық бөлімше қызметінің Конференцияның және Сараптамалық Кеңестің құзіретіне кірмейтін өзге де мәселелерін шешеді.

8 БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ АҚША ҚАРАЖАТЫН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ

8.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынған нысандарды қоспағанда, Бірлестіктің Жарғымен көзделген қызметін материалдық қамтамасыз етуге қажетті нысандар Бірлестіктің меншігі болып табылады.

Бірлестіктің меншігінде жер телімдері, ғимараттар, құрылыстар, көліктер, жабдықтар, құрал-саймандар, мәдени-ағарту мақсатындағы мүлік, ақша қаражаттары, құнды қағаздар және Бірлестіктің қызметін материалдық қамтамасыз етуге қажетті басқа да мүліктер болуы мүмкін.

Сонымен қатар Бірлестіктің меншігінде Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына сәйкес өз қаражатына құрылған және сатып алынған мекемелер, баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары болуы мүмкін.

8.2. Бірлестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап оның тұрақты әрекет ететін басшы органы - Сараптамалық Кеңес заңды тұлғаның Бірлестіктің мүлкі мен құралына иелік ету және оны басқару құқығын жүзеге асырады және Жарғыға сәйкес оның міндеттерін орындайды.

8.3. Бірлестіктің мүлкі төмендегілерден құралады:

8.3.1. Бірлестік мүшелерінің кіру, мүшелік, жүйелі және біржолғы түсімдері (мүшелік, мақсатты және біржолғы жарналар);

8.3.2. заңды және жеке тұлғалардың ерікті мүліктік жарналары мен қайырымдылық сыйлары;

8.3.3. кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырудан түсетін табыс;

8.3.4. Жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған Жарғыға сәйкес іс-шаралар өткізуден түскен түсімдер;

8.3.5. акциялар, облигациялар, басқа да құнды қағаздар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендтер (табыстар, сыйақы (мүдде));

8.3.6. басқа да Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тиым салынбаған түсімдер;

8.4. Бірлестік мүшелерінің Бірлестікке берілген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқығы жоқ. Олар Бірлестіктің міндеттемелері үшін жауапты болмайды, ал Бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері үшін жауапты болмайды.

8.5. Бірлестік өз мүлкіне олардың арналу мақсатына сәйкес және жарғылық мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін, меншіктенуді, пайдалануды және иелік етуді жүзеге асырады. Бірлестік өз міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен жауап береді.

8.6. Бірлестік меншігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалады.

9 БӨЛІМ. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Конференцияның күзіреті болып табылады.
- 9.2. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім, кворум болған жағдайда, дауыстардың білікті көпшілігімен - Конференцияға қатысып отырған Бірлестік мүшелерінің 2/3 дауысымен қабылданады.
- 9.3. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысты Бірлестіктің кез келген мүшесі енгізе алады.
- 9.4. Қабылданған өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіпте және заңнамамен айқындалған мерзімде заңмен белгіленген нысанда уәкілетті органға тіркеу үшін ұсынылады.
- 9.5. Үшінші тұлғалар үшін Жарғыға енгізілген өзгерістер олар уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшке ие болады.

10 БӨЛІМ. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

- 10.1. Тексеру комиссиясы қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асырады.
- 10.2. Бірлестік Конференциясы Тексеру комиссиясының Бірлестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебін бекітеді.
- 10.3. Тексеру комиссиясы Бірлестіктің қаржылық қызметін тексеруді жылына бір реттен сиретпей, сондай-ақ Сараптамалық кеңестің немесе Конференцияның бастамасы бойынша кез келген уақытта жүзеге асырады.
- 10.4. Тексеру комиссиясының мүшелері Сараптамалық кеңестің мүшесі бола отырып, сонымен бір мезгілде Бірлестіктің басқару органдарында басқа лауазымдарды атқара алмайды.
- 10.5. Бірлестіктің қызметкерлері және органдары Тексеру комиссиясына барлық қажетті құжаттар мен материалдардың берілуін қамтамасыз етуге міндетті. Тексерулер Бірлестіктің және оның бөлімшелерінің қалыпты жұмыс режимін бұзбауы тиіс.

11 БӨЛІМ. ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

- 11.1. Қаржы-шаруашылық қызметін және мемлекеттік бақылауды талдау үшін Бірлестік Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қызмет нәтижелерін есепке алуды жүзеге асырады, бухгалтерлік, салықтық және статистикалық есептілік жүргізеді. Бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізу жауапкершілігі Бірлестік Төрағасына жүктеледі.
- 11.2. Бірлестіктің қаржылық жылы күнтізбелік жылға сәйкес келеді.

12 БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 12.1. Бірлестіктің қызметі ол таратылған кезде тоқтатылады:
 - ✓ қатысушы мүшелердің кемінде 2/3 кворумымен бірауыздан қабылданған шешімі бойынша Конференцияда.
 - ✓ соттың шешімі бойынша;

✓ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де жағдайларда.
12.2. Бірлестікті қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, шығу, түрлендіру, өзгерту), егер бұл шешімге қатысушы мүшелердің 2/3 қолдап дауыс берсе, Конференцияның шешімімен жүргізіледі. Қайта ұйымдастыру кезінде Бірлестіктің құрылтай құжаттарына және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне қажетті өзгерістер енгізіледі, ал таратылған жағдайда – бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне тиісті жазба жасалады.

12.3. Бірлестікті тарату және қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

12.4. Бірлестікті тарату туралы шешім қабылдаған Конференция немесе орган, тарату комиссиясын тағайындайды және заңнамаға сәйкес Бірлестікті тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Бірлестікті басқару жөніндегі құзіреттер өтеді. Тарату комиссиясы Бірлестіктің қолда бар мүлкін бағалайды, оның қарыз берушілерін анықтайды және олармен есеп айырысады, Бірлестіктің үшінші тұлғаларға берешектерін төлеу шараларын алады, тарату теңгерімін жасайды және оны Конференцияға немесе сотқа бекітуге ұсынады.

12.5. Қарыз берушілердің талаптарын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

12.6. Бірлестікті тарату кезінде қарыз берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлік оны құрған кездегі мақсаттарға және (немесе) қайырымдылық мақсаттарға бағытталады.

12.7. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне бұл туралы жазба енгізілгеннен сәттен бастап Бірлестікті тарату аяқталған, ал Бірлестік өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

12.8. Осы Жарғымен реттелмеген барлық басқа мәселелер бойынша Бірлестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

13 БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

13.2. Осы Жарғыда айтылмаған барлық ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Президенттік саясатты насихаттау орталығы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің Төрағасы

_____ (қолы, мөрі)

ПРОШНУРОВАНО И ПРОНУМЕРОВАНО

на Информация № 13 листах

подпись _____



| | |
|---|--|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ |
| КОМПАНИЯНЫҢ ТИПІМЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН БЕКІТІЛГЕН | |
| САРАҒЫТЫ | <u>13</u> ПАРАҚ |
| 20 <u>21</u> ж. « <u>13</u> » <u>сәуір</u> | |